

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 11 ақпан N 150

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 485-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-  
т а р м а қ т а :

"Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар" деген баған ", іс-шараларға қатысушыларға іссапар шығыстарын төлеуді, сондай-ақ 2003 жылғы Ресейде Қазақстан жылын өткізу жөнінде Қазақстан Республикасының ұйымдастыру комитетімен келісім бойынша өкілдік шығындарды төлеуді қоса алғанда.

" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*